

# Талқылауға арналған сұрақ

---

- **Сіздің ойыңызша, инвестицияларды қабылдап отырған елдің және инвесторлардың (шетелдік және ұлттық) мүдделерінің ескеретін, мемлекеттің ең тиімді инвестициялық саясаты қалай болуға тиіс?**

# Инвестициялық қатынастарды мемлекеттік реттеу

---

- **Тікелей мемлекеттік реттеу** мемлекеттік инвестициялар саласында; жер қойнауын пайдалану және табиғат пайдаланудың басқа да түрлері саласында; мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру саласында, т.б. жүзеге асырады.
- **Жанама реттеу**, бұл мемлекеттің инвесторлар құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз етуін, экономиканың басым секторларында қызмет атқаратын инвесторларға мемлекеттік қолдау көрсетуді қамтиды (инвестициялық салық жеңілдіктерін беру, кедендік баж салығынан босату, мемлекеттік заттай гранттар беру жолымен).
- Тиісінше, тікелей мемлекеттік реттеу әкімшілік шаралар мен ықпал ету тәсілдерімен, жанама реттеу ынталандыру сыпатындағы экономикалық шараларды басымырақ қолдану арқылы жүзеге асырылады.

# Талқылауға сұрақтар

---

**Сіздің ойыңызша шетелдік инвесторларға қандай кепілдіктер берілуі керек?**

**Қандай құжаттарда оларды белгілеуге болады?**

# Шетелдік инвестициялық режимдердің құқықтық параметрлері

---

Халықаралық инвестициялық заңнама теориясы мен практикасы шетел инвестицияларының режимдерін абсолютті және салыстырмалы түрде бөледі.

**Абсолюттік режимдер** бұл инвестицияларды толық қорғау, кемсітушілікке жол бермеу, инвестицияларға қатысты міндеттемелерді әділетті түрде орындау.

**Салыстырмалы режимдер** - ең қолайлы режим және ұлттық режим .

# Инвестицияларды тарту шарттары

---

- Инвестициялық белсенділікті арттыру мақсатында шетелдік және ұлттық инвесторлар үшін **тартымды инвестициялық ахуал** қалыптастыруды қамтамасыз ету керек.
- Инвестициялық салада инвесторлардың **қызметін құқықтық қорғау кепілдігі заңмен бекітілді**: шетелдік және ұлттық инвесторлардың заңды мүдделері тең дәрежеде Қазақстан Республикасының Конституциясымен толық және сөзсіз қорғалады.

# Тапсырма

---

- Жергілікті өндірісті дамыту үшін шетелдік инвестицияларды тарту өте маңызды. Бұл туралы облыс әкімі мәлімдеді. Бұл жерде ол инвестициялық қызметті жетілдіру үшін алғышарттар бойынша жұмыс істеу керек деп есептейді.
- **Аймақтарда және ауылдарда инвестициялық тартымдылықты жақсартудың алғышарттары қандай болуы қажет?**

# Мемлекеттің инвестициялық ахуалы



# Инвестициялық құқықтың қалыптасу және даму кезеңдері

- **Бірінші кезең - 1990-1994 жж.** Инвестициялық құқық, тұтастай алғанда, оның негізгі институттары қалыптасу сатысында тұрды. Бұл кезең тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан Республикасының қалыптасу жылдары, нарықтық қатынастардың еніп, даму кезеңі, жаңа құқық жүйесін жасау мен заңнаманы түбірінен өзгерту жылдары болды.
- **Екінші кезең** 1994 жылы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының шетел инвестициялары туралы Заңы мен ҚР Азаматтық Кодексін қабылдаудан басталады, бұл заң актылары инвестициялық қатынастарды дамытуға жеткізді. Экономикалық дағдарыс, инфляция, отандық товарлардың бәсекеге қабілетсіздігі, сыртқы қарыздың ұлғаюы - сол кезеңдегі инвестициялық саясаттың негізгі зардаптары осындай болды.
- **Үшінші кезең** 1997 жылы 28 ақпанда Қазақстан Республикасының «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заңы және одан кейін оны орындау үшін бірқатар Заңнамалық және нормативтік актылар қабылданды. Мемлекеттің бірыңғай инвестициялық саясатының маңыздылығымен және қажеттілігімен, инвестициялық қызметке тұғырнамалар жасауға деген ұмтылыспен, бағалы қағаздар нарығында, товар өндірісі мен қызметтер көрсету саласында, табиғатты пайдалану (оның ішінде жер қойнауын пайдалану) саласында, т.б. салалардағы кешенді қызметте инвестициялық шаралардың тұғырнамаларын жасап, жүзеге асырумен сыпатталады.



# қалыптасу және даму кезеңдері

- **Төртінші кезең** 2003 жылы 8 қаңтарда Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» Заңын қабылдаудан басталды. Ең алдымен, шетел және ұлттық инвестициялар үшін бірыңғай құқықтық тәртіп орнатылды. Сонымен бірге жаңа инвестициялық заң құқықтардың кешенді саласы ретінде инвестициялық құқықтың қалыптасу үрдісін аяқтады.
- **Бесінші кезең – 2015 жылдың 29 қазанында** Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі қабылданды. Қазақстан Республикасындағы инвестицияларға байланысты қатынастарды реттеу және инвестицияларды ынталандырудың құқықтық және экономикалық негіздерін айқындау, Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асыру кезінде инвесторлардың құқықтарын қорғауға кепілдік беру, инвестицияларды мемлекеттік қолдау шараларын айқындау, инвесторлардың қатысуымен болатын дауларды шешу тәртібі бекітілген.

# Қорытындылар:

---

- **Негізінен шетел инвестицияларын ұлттық-құқықтық реттеуде екі тәсіл қалыптасқан:** дамыған нарықтық экономикасы бар елдерде (АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Франция) шетел инвестициялары туралы арнайы заңдар жоқ; шетел инвесторларына ұлттық инвесторларға қолданылатын нормалар мен ережелер қолданылады.
- Экономикасы көп сатылы елдерде (Африка, Латин Америкасы, Азия елдері) **шетел инвестициялары туралы арнайы заң бар** (шетел инвестициялары туралы Кодекстерді немесе шетел инвестициялары туралы заңдарды, немесе басқа да инвестициялық заңдарды қамтиды).
- **Тұтасымен алғанда, халықаралық көрсетіп отырғанындай, шетел инвестициялары саласында арнайы заңдар қабылдау елдің экономикасына шетел инвестицияларын тарту.**
- Шетел инвестициялары үшін қолайлы хал-ахуал және жеңілдік реттілігін жасау мақсатын көздейді. Экономикалық даму жағдайына орай шетел инвесторлары үшін ерекше жағдайлар туғызу қажеттігі болмай қалғанда, бұл саладағы арнаулы заңдар күшін жояды. **Мысалы,** Жапония соғыстан кейінгі алғашқы жылда шетел инвестициялары туралы арнайы заңнама қабылдады, кейін оны жойды. (Өйткені экономиканың даму деңгейіне қол жетті).

# Қорытындылар:

---

- Біздің еліміз жер астындағы пайдалы қазбалар қорымен белгілі және басты міндет мынада: оларды ұқыпты және тиімді пайдалану. Табиғат ресурстарына бай бірқатар елдер мұндай ресурстарға ие болмай отырған елдерге қарағанда, Өсудің жоғары қарқынымен немесе басқа да экономикалық жетістіктерімен мақтана алмайды, (мұнайға бай Нигерия мұнайдан түскен триллион табыстың төрттен бір бөлігін шығындады, қазір қарызға батқан, Венесуэла халқының үштен екі бөлігі - кедей). Сондықтан табиғат берген байлықты қазіргі және ертеңгі ұрпақ мүдделері үшін ұқыпты пайдалануымыз керек.
  
- Дамыған елдердің тәжірибесін көз жұмып көшіріп алуға болмайды, бір кездерде үлгі ретінде ұсынылған көптеген дамушы елдер (мысалы, Аргентина, Оңтүстік - Шығыс Азия елдері) жіберген қателіктерді қайталамау керек, шетелдік тәжірибені негізге ала отырып, және қоғамдық дамудың экономикалық заңдылықтарын ескеріп, экономикалық даму теориясына өзіндік тұғырнамалар жасап, америкалық, немістік немесе француздық емес, өзінің экономикалық моделін жасау қажет.

# Шетелдік инвестицияларды тарту


---

- Әлеуетті шетелдік инвесторларды индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыруға қатысуға тарту мақсатында іздестіруді жүзеге асыруды және олармен келіссөздер жүргізуді;
- индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін инвестициялық тақырып бойынша бизнес-форумдарға, конференцияларға және семинарларға қатысуға тартуды;
- индустриялық-инновациялық жобалар туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктер мен консулдық мекемелер арқылы шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында таратуды қамтиды.

# Қазақстанның инвестициялық ахуалына жарнама

## ҚАЗАҚСТАН

жер көлемі бойынша әлемдегі **9-шы орындағы** мемлекет Еуразияның дәл ортасында орналасқан, ауқымы жағынан **500 миллионға** жуық адамды қамтитын нарыққа жол ашады



- Еуразиялық экономикалық одақ ЕАЭО – 180 млн.
- Орталық Азия – 49 млн.
- Каспий теңізі арқылы ашылатын нарық – 235 млн.
- БатысҚытай – 21 млн.

WORLD TRADE ORGANIZATION



Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше



ЕҚЫҰ мүше



Еуразиялық Экономикалық одаққа (ЕАЭО) мүше

Әлемнің барлық мемлекеттерімен бейбіт әрі тұрақты қарым-қатынастар  
Fitch - BBB (stable), S&P - BBB, Moody's - Baa3 (stable)  
Білікті еңбек ресурстары



Ұзақмерзімді болжамдарда ІЖӨ-нің тұрақты өсуі  
\*Дүниежүзілік валюта қорының болжамдарына сәйкес

1 орын

Орталық Азияда инвестициялық ахуал бойынша

36 орын

"Бизнес жүргізу" рейтингінде

топ 10

Дүниежүзілік банктің "Doing business" рейтингі аясында реформатор-мемлекеттер қатарында

18 орын


189 мемлекеттің ішінде салық саласының қолайлығы бойынша

11 - еркін экономикалық аймақ  
20 - дан астам индустриалдық аймақ

Жекешелендірудің кешенді жоспары  
2018-ші жылы "Астана" Халықаралық қаржы орталығының іске қосылуы



Әлемнің 65 мемлекетімен  
визасыз қатынау мүмкіндігі



# Задание

---

- Жас кәсіпкер бизнес жоспарын әзірлеу барысында, өз меншігінің капиталы жеткіліксіз болуына байланысты, мемлекеттік органдардан көмек және қолдау көрсетуді жоспарлап отыр.
- **Бұл туралы не айтуға болады?**
- **Қандай нәтиже болуы мүмкін?**

# ҚР аумағында инвесторлардың қызметін құқықтық қорғау кепілдіктері (КК 276-бап)

- Инвестордың құқықтары мен мүдделері толық және сөзсіз қорғалады, бұл Қазақстан Республикасы Конституциясымен, Кәсіпкерлік кодекспен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен қамтамасыз етіледі.
- Мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмейтін актілер шығаруы, сондай-ақ осы органдардың лауазымды адамдарының заңсыз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) салдарынан өзіне келтірілген зиянды инвестордың ҚР азаматтық заңнамасына сәйкес өтетуге құқығы бар.

# Қазақстан Республикасының Конституциясы

---

## 6-бап

- 1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады.**
2. Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді.
- 3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.**



# «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заң (20 және 22-баптар)

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы әрбір халықаралық шартын Қазақстан Республикасының міндетті және адал орындауына жатады.
- Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.
- Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары өз құзыреті шегінде халықаралық шарттардан туындайтын Қазақстан Республикасы міндеттемелерінің орындалуын және құқықтарының жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ халықаралық шарттарға басқа да қатысушылардың өз міндеттемелерін орындауын қадағалайды.
- Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуына жалпы қадағалауды және бақылау жасауды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады.
- Қазақстан Республикасының мүдделі орталық мемлекеттік органдары халықаралық шарттарды ратификациялау туралы ұсыныс енгізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсынысты Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.
- Қазақстан Республикасының заңдарына және өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге немесе олардың қолданысын тоқтатуға Қазақстан Республикасының тиісті халықаралық шарттары өзгертілгеннен, толықтырылғаннан немесе олардың қолданысы тоқтатылғаннан кейін ғана жол беріледі.

# Инвестициялық даулар

---

- Инвестордың инвестициялық қызметіне байланысты инвесторлар, оның ішінде ірі инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасындағы шарттық міндеттемелерден туындайтын дау инвестициялық дау болып табылады.
- Инвестициялық даулар келіссөздер арқылы не дауларды шешудің тараптармен бұрын келісілген рәсіміне сәйкес шешіледі.
- Инвестициялық дауларды шешу Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының соттарында, сондай-ақ тараптардың келісімімен айқындалатын төреліктерде жүргізіледі.

# Қазақстан Республикасы

## Азаматтық процестік кодексі

---

- Астана қаласының соты ҚР Жоғарғы Сотының қарауына жатқызылған істерден басқа инвестициялық даулар бойынша азаматтық істерді бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша қарайды.
- Астана қаласының соты инвесторлардың инвестициялық қызметіне байланысты инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзге де дауларды да:
  - 1) Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаның (оның филиалының, өкілдігінің);
  - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шетелдіктің қатысуымен құрылған, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы шетелдік инвесторға тиесілі заңды тұлғаның;
  - 3) инвестицияларды жүзеге асыруға мемлекетпен жасалған келісімшарты болған кезде инвесторлардың қатысуымен қарайды.
- Инвестор қатысатын құқықтық қатынастардан туындайтын, инвестициялық қызметке байланысты емес өзге де даулар, сондай-ақ оңайлатылған іс жүргізумен қарауға жататын инвестор қатысатын даулар осы Кодекстің 3-тарауында белгіленген соттылыққа сәйкес аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың соттылығына жатады (27-бап).
- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты бір тарапы **ірі инвестор** болып табылатын инвестициялық даулар бойынша азаматтық істерді бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша қарайды және шешеді (28-бап).

# ҚР аумағында инвесторлардың қызметін күқықтық қорғау кепілдіктері (КК 276 және 289- баптар)

---

- Тараптардың келісімі бойынша шарттарға өзгерістер енгізілетін жағдайларды қоспағанда, **Қазақстан Республикасы инвесторлар мен мемлекеттік органдары арасында жасалған шарттар талаптарының тұрақтылығына кепілдік береді.**
- **Бұл кепілдіктер:**
  - 1) акцизделетін тауарлар импортының, өндірісінің, оларды өткізудің тәртібі мен шарттарын өзгертетін ҚР заңнамасындағы өзгерістерге және (немесе) ҚР халықаралық шарттарының күшіне енуіне және (немесе) олардың өзгерістеріне;
  - 2) ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында ҚР заңдарына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға қолданылмайды.
- **Инвестициялық келісімшарттың қолданылуы осы Кодексте белгіленген тәртіппен мерзімнен бұрын тоқтатылған жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасының тұрақтылығына кепілдіктің қолданылуы күшін жояды.**

# Кірістерді пайдалану кепілдіктері (КК 277-бап)

---

## □ Инвесторлар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін өзінің қызметінен алынған кірістерді өз қалауы бойынша пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының аумағындағы банктерде Қазақстан Республикасының банк және валюталық заңнамасына сәйкес ұлттық валютада және (немесе) шетелдік валютада банк шоттарын ашуға құқылы.

**Мемлекеттік органдардың инвесторларға қатысты қызметінің жариялылығы және инвестициялық қызметті жүзеге асыруға байланысты ақпаратқа инвесторлардың қол жеткізуін қамтамасыз ету (КК 278-бап)**

---

- Инвесторлардың мүдделерін қозғайтын Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ресми хабарлары және нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жарияланады.
- Дауыс беретін акцияларының он пайызынан аз (қатысушылардың жалпы дауыс санының он пайыз дауысынан аз) мөлшерде инвестицияларды жүзеге асырған инвесторларды қоса алғанда, заңды тұлғаларды тіркеу, олардың жарғылары, жылжымайтын мүлікпен мәмілелерді тіркеу, берілген лицензиялар туралы ақпаратқа, сондай-ақ олардың инвестициялық қызметті жүзеге асыруына байланысты және коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтымайтын, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де ақпаратқа инвесторлардың еркін қол жеткізуі қамтамасыз етіледі.
- <http://kz.invest.gov.kz/guide-to-investment/regulatory-framework/>

## Мемлекет меншігіне алу және реквизициялау кезіндегі инвесторлар құқықтарының кепілдіктері (КК 279-бап)

---

- **Инвестордың мүлкін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп алып қоюға (мемлекет меншігіне алуға, реквизициялауға) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген айрықша жағдайларда жол беріледі.**
  - Мемлекет меншігіне алынған кезде инвесторға Қазақстан Республикасының мемлекет меншігіне алу туралы заңнамалық актілерін шығару нәтижесінде оған келтірілген залалды Қазақстан Республикасы толық көлемде өтейді.
  - **Инвестордың мүлкін реквизициялау оған мүліктің нарықтық құнын төлей отырып жүзеге асырылады.**
  - Меншік иесіне реквизицияланған мүліктің құны өтелген бағаға ол сот тәртібімен дау айта алады.
  - Реквизициялаудың жүргізілуіне себеп болған мән-жайлардың қолданылуы тоқтатылған кезде инвестор сақталған мүліктің қайтарылуын талап етуге құқылы, бірақ бұл ретте мүлік құнының төмендеуінен болған ысырапты ескере отырып, өзі алған өтемақы
- ▶ 23 сомасын қайтаруға міндетті.

# Инвестициялардың құқықтық статусы

---

- лизинг шартын жасасқан кезден бастап қаржы лизингі нысанасы, оларға құқықтарды қоса алғанда, заңды тұлғаның жарғылық капиталына немесе кәсіпкерлік қызмет үшін
- мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы, оның ішінде концессиялық жобасы
- мүліктің барлық түрлері (жеке тұтынуға арналған тауарлардан басқа)
- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардан басқа инвесторлардың кәсіпкерлік қызметтің кез келген объектілері мен түрлеріне инвестицияларды жүзеге асыруға құқығы бар



# Біздің ел инвесторларға қандай кепілдіктерді ұсынады?

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген құқықтары мен мүдделерін толық және сөзсіз қорғау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасын өзгерту кезінде тұрақтылық (салық, шетелдік жұмыс күшін тарту бойынша);
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмейтін мемлекеттік органдардың актілерін шығару, сондай-ақ осы органдардың лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) нәтижесінде туындаған зиянды азаматтық заңнамаға сәйкес өтеу құқығы;
- инвесторлар мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары арасындағы жасасқан шарттардың тұрақтылығы (келісімшарттарға өзгерістер тараптардың келісімі бойынша жасалатын жағдайларды қоспағанда);
- кірістерді пайдалану (өз қалауы бойынша салық міндеттемесін төлегеннен кейін);
- инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың шешімдерінің жариялылығы және инвесторларды инвестициялық қызметті жүзеге асыруға қатысты ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- заңды тұлғаларды, олардың жарғыларын тіркеу туралы, жылжымайтын мүлікпен жасалатын мәмілелерді тіркеу, берілген лицензиялар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген, инвестициялық қызметпен байланысты және коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтымайтын өзге де ақпаратқа еркін қол жеткізу;
- мемлекет меншігіне алу және реквизициялау кезінде инвесторға келтірілген залалдар үшін толық көлемде Қазақстан Республикасы өтейді, төлем мүлікті нарықтық құны бойынша жүзеге асырылады;
- инвестордың құқықтарын басқа тұлғаға беру (инвестор Қазақстан Республикасына инвестиция жасаған және (немесе) белгілі бір шарттық міндеттемелерді орындаған жағдайда ғана жарамды деп танылады)

# Инвестордың түсінігі

---

- **Инвестор** деп Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асыратын **жеке және заңды тұлғалар** түсініледі.
- **Ірі инвестор** деп Қазақстан Республикасында **айлық есептік көрсеткіштің кемінде екі миллион еселенген мөлшерінде** инвестицияларды жүзеге асыратын **жеке немесе заңды тұлға** түсініледі.

# Инвестордың жалпы құқықтары

---

- 1) Заңнама актыларында қарастырылған жағдайдан басқа, кәсіпкерлік қызметтің кезкелген объектілерінде инвестицияларды жүзеге асыру;
- 2) Қазақстан Республикасының заң актыларына сәйкес келмейтін мемлекеттік органдардың заң актыларын шығару нәтижесінде, сондай-ақ осы органдардың лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) нәтижесінде келтірілген зиян орнын толтыру;
- 3) Өз қызметінен алған кірісті, салықтармен басқа да міндетті өтемдерді төлегеннен кейін өзінің қалауынша пайдалану;
- 4) Қазақстан Республикасының аумағында банктерде ұлттық валютамен немесе шетел валютасымен валюта заңнамасына сәйкес банк есепшоттарын ашу

# Инвестордың құқықтық мәртебесі

**Инвестициялық келісімшарт негізіндегі берілетін жеңілдіктер Инвестордың арнайы құқықтық мәртебесін көрсетеді.**

**Инвестициялық преференциялар:**

- кедендік баж салығынан босату;
- мемлекеттік мүліктік гранттар.

Мемлекеттік гранттар ретінде жер тәлімдері, ғимараттар, үйлер, машиналар мен жабдықтар, есептеу техникасы, өлшегіш және реттегіш аспаптар мен қондырғылар, көлік құралдары (жеңіл көліктер басқасы), өндірістік және шаруашылық құрал-саймандар беріледі ;

- инвестициялық стратегиялық жобаларды іске асыратын заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен жер салығы мен мүлік салығы бойынша жеңілдіктер;
- әлеуметтік-экономикалық дамудың төмен деңгейі бар елді мекендерде инвестициялық стратегиялық жобаларды іске асыратын заңды тұлғалар үшін өнеркәсіптік жеңілдіктер.

**Инвестордың құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері:**

- 1) инвестициялар ретінде қолдануға болатын мүліктік және зияткерлік құндылықтарының болуы;
- 2) инвестициялардың объектісін, нысаны мен көлемін дербес анықтау құқы;
- 3) шешімдер қабылдауды еріктілік пен тәуелсіздік;
- 4) инвестициялық қызметті жүргізу үшін инвестордың мүмкіндіктері мен қабілеттерінің болуы;
- 5) дербес мүліктік жауапкершілік

# Кәсіпкерлік және инвестициялық қызметі деген ұғымдарға салыстырмалы талдау

Кәсіпкерлік	Инвестициялық қызмет
<p>Азаматтардың, оралмандардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлікке) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлікке) негізделген дербес, бастамашыл қызметі кәсіпкерлік болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.</p>	<p>Жеке және заңды тұлғалардың коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу не кәсіпкерлік қызмет үшін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді құру немесе ұлғайту жөніндегі қызметі инвестициялық қызмет деп танылады</p>

# Проблемалар

---

- **біріншіден**, инвестициялық қызмет субъектілерінің шеңбері шектелген (мемлекет және халықаралық ұйымдар алынып тасталған);
- **екіншіден**, инвестициялық қызмет коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу қатысу жөніндегі қызметпен шектелген;
- **үшіншіден**, қызмет кәсіпкерлік қызмет үшін нақтыланған активтерді пайдалану немесе ұлғайту қызметімен шектелген

# Кәсіпкерлік және инвестициялық қызметі деген ұғымдарға салыстырмалы талдау

---

**Бұл мәселе бойынша ғылыми әдебиетте ешқандай консенсус жоқ**

- ▣ **Кондрашкова О.Н.** инвестициялық қызмет кәсіпкерлік қызмет түрлерінің бірі деп санайды.
- ▣ **М.К. Сүлейменовтың** айтуынша, кәсіпкерлік емес, инвестициялық қызмет бар.
- ▣ **Мороз С.П.** инвестициялық қызмет, сондай-ақ кәсіпкерлік сияқты еркіндік және бастамашылық арқылы сипатталады, бірақ бұл әрекеттер бір-бірімен сәйкес келуі немесе келмеуі мүмкін деп санайды.
- ▣ **Белгілі бір қызмет түрін іске асыру шеңберінде мүліктің пайдаланылуына байланысты айырмашылық байқалады.**
- ▣ **Кәсіпкерлік қызмет** - бұл белсенді іс-әрекеттер жасау арқылы жүзеге асырылатын мүлікті толық пайдалануда тұратын, мысалы: өндіру, сату, қызметтер көрсету немесе жұмыстарды орындау, априориялық белсенді қызмет. Табысқа жету үшін кәсіпкер бірқатар нақты, еңбекқорлық және уақытты қажет ететін іс-шараларды орындауы керек, және әдетте мұндай әрекеттер бір реттік емес, ұзақ мерзімді және қайталанатын болады.
- ▣ **Инвестициялық қызмет өзгеше.** Инвестор үшін қандай да бір белсенді әрекеттер жасаудың қажеті жоқ, керісінше, инвестор инвестициялар объектісін іздейді және одан дивиденд алады.

# Инвестициялық қызметтің сатылары

---

- 1) **инвестициялау алдындағы саты, инвестор үшін «бір терезе» қағидаты** (инвестициялар салымы);
- 2) **инвестициялық кеңістік сатысы** (инвестициялық қызмет объектісін жасаудан кейін басталады, инвестордың объектіні пайдалану, немесе сатуы, жолға беру, т.б., басқаша айтқанда, инвестициялық қызмет объектісінің заңды немесе нақты тағдырын анықтау).
- 3) **Қайта инвестициялау (болмауы мүмкін)**
  - ▣ **Инвестициялау алдындағы саты** бірқатар дәйектілікпен аяқталатын іс-әрекеттерден құралады - инвестордың инвестициялық қызметті атқару жөнінде шешім қабылдауы; инвестицияланатын объектіні таңдап алу; инвестициялық жоба жасау; инвестициялық шарт жасау (инвестициялық келісімшарт талаптарын келісу).
  - ▣ **Инвестициялық кеңістік сатысы**, негізінен, инвестициялық қызмет объектісінің заңды немесе нақты тағдырын анықтауға бағытталады.



# Инвестициялық қызмет түрлері

---

- **Инвестициялар салымы мен жүзеге асыру саласына қарай** - жер қойнауын пайдалану, құрылыс саласы, бағалы қағаздар нарығы, банк саласы, коммерциялық емес сала, т.б.;
- **Субъектісіне орай** жеке тұлғалардың инвестициялық қызметі (оның ішінде, Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар), заңды тұлғалар, мемлекет (оның ішінде шетел мемлекеттері), халықаралық ұйымдардың инвестициялық қызметі,
- **Мемлекеттік қолдауға байланысты** шетелдік инвестициялық жеңілдіктерсіз жүзеге асырылатын инвестициялық қызмет, инвестициялық преференциялар беру туралы келісімшарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының инвестициялық қызметі, т.б.

# Инвестор үшін «бір терезе» қағидаты

---

**Инвестор үшін «бір терезе» қағидаты** деп инвесторлардың құжаттарды жинау мен дайындауға қатысуын барынша азайтуды және олардың мемлекеттік органдармен тікелей байланысын шектеуді көздейтін, инвесторларға мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынуда инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган тарапынан жәрдемдесудің орталықтандырылған нысаны түсініледі (*Кәсіпкерлік кодекстің 282-бабы*).

**Инвесторлар үшін «бір терезе» қағидаты бойынша инвесторларды қолдау** – уәкілетті органның инвесторға ақпараттық, консультациялық, ұйымдастырушылық жәрдемдесуі жөніндегі іс-шаралар кешені (*ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен бекітілген Инвесторлар үшін «бір терезе» қызметін ұйымдастыру туралы қағидалар*).

---





# Талқылау үшін

---

**Инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың  
мақсаты қандай?**

**Осындай қолдау қалай жүзеге асырылады?**



# Инвестицияларды мемлекеттік қолдау

---

## Мақсаттары:

- 1) экономиканы дамыту үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау;
- 2) қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып, жаңа өндірістер құруға, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту мен жаңарту, қазақстандық кадрлардың біліктілігін арттыру;
- 3) қоршаған ортаны қорғауға инвестицияларды ынталандыру инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың мақсаты болып табылады.

















# Инвестициялық жобалар

□ **Инвестициялық жоба** мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру барысында құрылған, кеңейтілген және (немесе) жаңартылған өндірістерді қоса алғанда, жаңа өндірістер құруға, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге және (немесе) жаңартуға инвестициялар көздейтін іс-шаралар кешенін білдіреді.

□ **Инвестициялық басым жоба** деп:

**жаңа өндірістерді құру бойынша**, заңды тұлғаның жаңа өндірістік объектілердің (фабрика, зауыт, цех) құрылысына **республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және инвестициялық преференцияларды беруге** арналған өтінім берілген күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің **екі миллион еселенген мөлшерінен кем емес мөлшердегі инвестицияларды жүзеге асыруын** көздейтін;

**жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейту және (немесе) жаңарту бойынша**, заңды тұлғаның негізгі құралдарды өзгертуге, оның ішінде өнім шығаратын істеп тұрған өндірістік қуаттарды жаңартуға (реновациялау, реконструкциялау, жаңғырту) **республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және инвестициялық преференцияларды беруге арналған** өтінім берілген күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің **бес миллион еселенген мөлшерінен кем емес мөлшердегі инвестицияларды жүзеге асыруын** көздейтін инвестициялық жоба түсініледі.

□ **Арнайы инвестициялық жоба** деп арнайы экономикалық аймаққа қатысушы немесе Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес еркін қойманы иеленуші ретінде тіркелген Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы іске асырған және (немесе) іске асыратын инвестициялық жоба не моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы іске асырған жоба түсініледі.

# Талқылау үшін

---

**Сіздің ойларыңызша қандай салаларда  
инвестициялық жобаларды белгілеу қажет?  
Неге?**



# Инвестициялық басым жобаларының тізбесі

---

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2016 жылғы 14 қаңтардағы  
№ 13 қаулысы

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1600000013>



# Инвестициялық преференциялар

---

Инвестициялық жобаны іске асыруды жүзеге асыратын **Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына** және инвестициялық жобаны іске асыратын **Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы** үшін қаржы лизингі шарты негізінде технологиялық жабдықты инвестициялық жобаны іске асыру шеңберінде импорттайтын лизингілік компанияларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілетін **атаулы сипаттағы артықшылықтар инвестициялық преференциялар болып табылады.**

▣ **Инвестициялық жобаның (оның ішінде инвестициялық басым жобасының) преференциялары:**

- 1) кедендік баждар және импортқа қосылған құн салығын салудан босату;
- 2) мемлекеттік заттай гранттар.

▣ **Инвестициялық басым жоба бойынша преференциялар:**

- 1) салықтар бойынша преференциялар;
- 2) инвестициялық субсидия.

▣ **Арнайы инвестициялық жоба бойынша инвестициялық преференциялар :**

- 1) кедендік әкелу баждарын;
- 2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтарды салудан босату беріледі.

# Талқылау үшін

---

**Әрбір шарт - бұл ымыра, мәміле, келісім бірақ әрбір мәміле шарт болып табылмайды.**





# Тапсырма

---

«Бүркіт» акционерлік қоғамы, «Мұнай Газ Капитал» акционерлік қоғамы және Маңғыстау облысының әкімшілігі Мұнайлы ауданында «Таулы» және «Теңіз» кен орындарын кешенді игеруді көздейтін инвестициялық келісімге қол қойды.

«Бүркіт» АҚ «Мұнай Газ Капитал» АҚ-мен жасалған жеке келісімшарт бойынша бас мердігер, ал «Мұнай Газ Капитал» АҚ Маңғыстау облысы Әкімі бекіткен инвестициялық бағдарлама бойынша жеке келісімшарттар негізінде объектілерді салу бойынша тапсырыс беруші функцияларын атқарады.

Бұл жағдайда жаңа объектілерге меншік құқығын анықтау, құрылысты аяқтағаннан кейін тараптар келісімі бойынша белгілеу қажеттелігі көрсетілген.

**Сұрақтар:** 1) аталған тұлғалар арасында қандай құқықтық қатынастар пайда болды? Олардың қайсысы инвестициялық қатынастарға жатады?

2) Инвестиция дегеніміз не?

3) Инвестор кім?

4) инвестициялық қызметтің объектісін атаңыз.

# Инвестициялық шарт

---

- **Инвестициялық келісімшарт** - мүліктік (материалдық) және зияткерлік (материалдық емес) құндылықтардың барлық түрлерін сондай-ақ оларға ие болу құқықтарын кәсіпкерлік және басқа да қызмет объектілерін кіріс (пайда) және (немесе) оң әлеуметтік тиімділікке жету үшін салымдар туралы шарт.
  - **Инвестициялық шарттың талаптары:**
    - 1) тараптар арасында мүліктік және зияткерлік құндылықтардың кезкелген түрлен, оларға деген құқықтарын салу туралы;
    - 2) контрагенттердің өзара қарым-қатынастары туралы;
    - 3) шартты өзгерту, тоқтату, күшін жою негіздері туралы;
    - 4) даулы мәселелерді шешу тәртібі туралы;
    - 5) тараптардың жауапкершілігі туралы келісімдер жасасу.
- 



# **Инвестициялық шарттардың ерекшелігі**


---

**ИШ құқықтық реттілігінің орнықтылығы туралы ережелер инвесторды мемлекет тарапынан араласушылықтың екі түрінен қорғауға арналған:**

- 1) мұндай жағдайда мемлекеттің келісімшартты біржақты жарамсыз деп тануына немесе инвестицияларды экспропорциялауына тыйым салу белгіленеді;
- 2) орнықтырушы ережелер ашық түрде мына көрсетуге тиіс - келісімшарт талаптары ішкі заңнамада қандай болмасын өзгерістердің болғанына қарамастан, өзінің күшін келісімшарт әрекетінің бүкіл мерзімі бойы сақтайды.

**Инвестициялық шарттың осы және басқа да ерекшеліктері қолданылып жүрген заңнамада көрініс табуға қажеттілік.**

---



# Талқылау үшін

---

**Төрелік ескертулердің қандай мақсаттары мен  
артықшылықтарын білесіз?  
Олардың мазмұны қандай?**



# 2016 жылғы 8 сәуірдегі «Төрелік

## туралы»

### Қазақстан Республикасының Заңы

---

**Төрелік** – нақты дауды қарау үшін арнайы құрылған төрелік немесе тұрақты жұмыс істейтін төрелік.

**Төрелік келісім** – азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған немесе туындауы мүмкін дауды төрелікте қарауға беру туралы тараптардың жазбаша келісімі.

Төрелік келісім жазбаша нысанда жасалады. Төрелік келісім, егер ол тараптар қол қойған не хаттар, телеграммалар, телефонограммалар, факстер, электрондық құжаттар немесе субъектілерді және олардың ерік білдіруін айқындайтын өзге құжаттар алмасу арқылы жасалған құжатта **төрелік ескерту түрінде жазылса, төрелік келісім жазбаша нысанда жасалған болып есептеледі.**

---



# Үлгі төрелік ескерту

---

«Осы шарттың (келісімнің) не оған байланысты оның бұзылуына, тоқтатылуына немесе жарамсыздығына байланысты бұзушылықтарды қоса алғанда, туындаған барлық даулар, келіспеушіліктер немесе талаптар Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Палата Төрелік Орталығында оның қолданыстағы ережелеріне сәйкес түпкілікті реттеледі.

Төрелік талқылауға жататын мәселе - бұл шарттың (келісімнің) не оған байланысты туындаған барлық даулар, келіспеушіліктер, оның ішінде оның бұзылуына, тоқтатылуына немесе жарамсыздығына байланысты талаптар».

**□ Қажет болған жағдайда төрелік талқылауға келесі толықтыруларды енгізу ұсынылады:**

«Төреліктің құрамы - (бір немесе үш төреші )».

«Төрелік орны - (мемлекет немесе қала)».

«Іс жүргізу тілі - (қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде)».

«Келісім-шарт бойынша тиісті материалдық құқық нормаларын айқындау (қандай мемлекеттің заңдары)».

---



# Инвестициялық қатынастардың пайда болуының негіздері

---

- Инвестициялық құқықтық қатынастардың пайда болуының, өзгеруінің немесе тоқтатылуының негізгі - бұл шарт (келісім).
- Инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға арналған шарт **инвестициялық келісімшарт** болып табылады.
- **Инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган** инвестициялық преференциялар беру туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде үлгілік келісімшарттың ережелерін ескере отырып, инвестициялық келісімшартты қол қоюға дайындайды.
- **Үлгілік келісімшарт деп** Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін және инвестициялық келісімшарттар жасасқан кезде пайдаланылатын үлгілік келісімшарт түсініледі.

# «Инвестицияларды мемлекеттік қолдауды іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің

## 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 13 қаулысы

**Инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға арналған модельдік келісімшарт**

Астана қаласы \_\_\_\_\_ (күні, айы, жылы)

Осы Инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға арналған келісімшарт бұдан әрі Тараптар деп аталатын, \_\_\_\_\_ (ереже немесе бұйрық) негізінде \_\_\_\_\_ (бұдан әрі — уәкілетті орган) әрекет ететін (уәкілетті органның атауы) \_\_\_\_\_ (басшының немесе оның міндетін атқарушы адамның тегі, аты, әкесінің аты) және \_\_\_\_\_ негізінде

(Жарғы немесе сенімхат)

\_\_\_\_\_ (инвестициялық) жобаны іске асыруды жүзеге асыратын

(Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының атауы, мемлекеттік тіркеу нөмірі, күні)

(бұдан әрі – инвестор) атынан әрекет ететін \_\_\_\_\_ арасында жасалды.

(басшының немесе өзге уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты)

Мыналарды:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген, бағыттарының бірі экономиканы дамыту үшін қолайлы инвестициялық жағдай жасау, заманауи технологияларды қолданып жаңа өндірістерді құру, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту және жаңарту, қазақстандық мамандардың біліктілігін көтеру, қоршаған ортаны қорғау болып табылатын Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасын;

2) уәкілетті органға тікелей инвестициялық келісімшартты жасасумен және орындалуын бақылаумен байланысты құқықтар берілгенін;

53) уәкілетті орган және инвестор \_\_\_\_\_ (инвестициялық жобаның атауы) іске асыру кезінде олардың өзара құқықтары мен міндеттерін реттейтіні туралы уағдаласқандарын назарға ала отырып,

уәкілетті орган және инвестор төменде көрсетілгендер туралы осы инвестициялық келісімшартты



# Модельдік келісімшарт

---

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1600000013>

# Инвестициялық келісімшарттың кезеңдері

---

## **I. Келісімшартты жасасу мен орындау:**

- 1) Келісімшартты әзірлеу мен жасасу;
- 2) Келісімшартты тіркеу (*Инвестициялар комитеті және инвестор арасында келісімшартты тіркеу туралы куәлік*);
- 3) Келісімшартты орындау (инвестициялық жобаны жүргізу).

## **2. Инвестициялық келісімшарттар талаптарының сақталуын бақылауды инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган мынадай:**

- ұсынылған есептерді зерделеу және талдау негізінде жүзеге асырылатын камералдық бақылау;
  - инвестициялық қызмет объектісіне бару, оның ішінде жұмыс бағдарламасын және инвестициялық келісімшарт талаптарын орындау жөніндегі құжаттарды қарау нысандарында жүзеге асырады.
- 



# Инвестициялық келісімшарттың кезеңдері

---

**3. Инвестициялық келісімшарт пен арнайы инвестициялық келісімшартқа қосымшаға өзгерістер тараптардың келісуі бойынша жылына бір рет енгізілуі мүмкін.**

**4. Инвестициялық келісімшартты бұзу жағдайлары:**

- 1) инвестициялық преференциялардың қолданылуы инвестициялық келісімшарттың қолданылу мерзімі өткен соң;
- 2) тараптардың келісуі бойынша;
- 3) біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Инвестор инвестициялық келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған кезде жағдайда инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган хабарлама жіберілген күннен бастап **үш ай өткен соң біржақты тәртіппен инвестициялық келісімшарттың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатады.**

Инвестициялық келісімшарт бұзылған жағдайда, заңды тұлға инвестициялық келісімшарт бойынша берілген инвестициялық преференциялардың салдарынан бюджетке төленбеген салықтар мен кедендік баждардың сомаларын төлейді.

---



# Тапсырма

---

100% шетел инвестициялары бар «Статус» акционерлік қоғамы, Қазақстандық заңнамаға сәйкес тіркелген болатын. Қазіргі уақытта ол жер телімін жалдап, кәсіпкерлік қызметпен айналысуда. Соңымен қатар, келешекте осы жер телімін жекешелендіру арқылы сатып алуға жоспарлайды.

## Сұрақтар:

*Бұл қоғам жалға алынған жерді жекешелендіру тәртібімен сатып алуға құқылы ма?*

*Егер бұл жер ауыл шаруашылығы жері болса немесе шекара маңында орналасса, мәселенің шешімі қандай болуы мүмкін?*

# Қазақстан Республикасының Жер кодексі

## ▣ 9-бап. Жер үшін төленетін төлемдер

6. Мемлекеттік заттай гранттар түріндегі жер учаскелері мен жер пайдалану құқығы инвестициялық жобаның іске асырылуын жүзеге асыратын **Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына** осы Кодекске және Қазақстан Республикасының инвестициялар саласындағы заңнамасына сәйкес беріледі.

## ▣ 23-бап. Азаматтар мен заңды тұлғалардың жер учаскелеріне меншігі

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларының жеке меншігінде ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу, орман өсіру үшін, үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлер (құрылыстар, ғимараттар) мен олардың кешендерін салу үшін берілген (берілетін) немесе олар салынған жер учаскелері болуы мүмкін.

4. **Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге және орман өсіруге арналған жерді қоспағанда**, осы баптың 3-тармағында көрсетілген мақсаттар үшін жер учаскелері шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың және шетелдік заңды (мемлекеттік емес) тұлғалардың жеке меншігінде болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының шекаралық аймағында орналасқан жер учаскелері шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдіктермен немесе азаматтығы жоқ адамдармен некеде тұрған (ерлі-зайыпты) Қазақстан Республикасының азаматтарына, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғаларға және **шетелдік қатысуы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына меншік құқығымен тиесілі болмайды.**